

Халық денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.



ҚР ҚК 296-бабы.

Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу

1. Қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес тұтыну –

сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау –

бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

3. Ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

4. Аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау –

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



ҚР ҚК 297-бабы

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу

1. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу –

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған;

4) лауазымды адам қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;

5) электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы;

б) қоғамдық орында жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер, сол сияқты есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді білім беру ұйымдарында не көрінеу кәмелетке толмаған адамға өткізу –

мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

 ҚР ҚК 299-1 бабы

Есірткі, психотроптық заттарды немесе сол тектестерді, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз жарнамалау

1. Есірткі, психотроптық заттарды немесе сол тектестерді, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз жарнамалау –

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

2) бірнеше рет;

3) білім беру ұйымдарында, сондай-ақ адамдар көп жиналатын объектілерде;

4) бұқаралық ақпарат құралдарын немесе электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып;

5) қызмет бабын пайдалана отырып жасалған дәл сол әрекеттер –

үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

 ҚР ҚК 300-бабы

Құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсіру

1. Өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді егу немесе өсіру немесе сораның, көкнәрдің немесе құрамында есірткі заттар бар басқа да өсімдіктердің сұрыптарын егіп-өсіру –

екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) ірі мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Табиғи - бұл табиғи шикізаттан химиялық өңдеусіз алынған есірткі, мәселен - марихуана.

Жартылай синтетикалық есірткі заттары

Жартылай синтетикалық есірткі химиялық өңдеу жолымен өсімдік шикізатынан өндіріледі. Мысалы, апиын көкнәрінен алынған героин немесе кока жапырақтарынан алынған кокаин.

Синтетикалық есірткі заттары

Синтетикалық есірткінің басты айырмашылығы – оларды өндіруге қомақты қаражат жұмсалмайтындығы және күшті әсер етуі. Тіпті, мұндай заттардың көп дозасы микрограммен өлшенеді. Олар бірден күшті физикалық тәуелділікті тудырады, өндірушілердің басты мақсаты да осы. Мұндай заттарға тәуелді нашақорларды емдеу өте қиынға соғады.

Синтетикалық есірткі заттар төрт негізгі топқа бөлінеді: психостимуляторлар, галлюциногендер, есірткі анальгетиктер және депрессанттар. Олардың кейбіреулері медицинада қолданылатын заңды препараттарға жатады, бірақ оларды босату және олардың айналымы мемлекетпен қатаң бақыланады.

Есірткі қабылдаудың салдары

Жүйке жүйесінің зақымдануы

Энцефалопатия (мидың зақымдануы, психикалық жағдайының бұзылуынан психозға дейінгі көрініс формалары)

Полиневропатия (нервтердің зақымдануы, үйлестіру бұзылыстарынан мотор жүйесінің, параличтің, парездің ауыр бұзылыстарына дейінгі көріністер).

Бауырдың зақымдануы

Есірткі қабылдау кезінде бауырдың зақымдануы:

1) майлы дистрофия (көп қабылдайтындардың 90-100%):

- қарапайым семіздік - қайтымды;

- некроздың басталуынан семіздік - ішінара қайтымды;

- семіздік, некроз, бауырдың үлесшелік құрылымының өзгеруі - қайтымсыз.

2) гепатит - бауырдың қабынуы (маскүнемдердің 10-30%; нашақорлардың 80%)

3) бауыр циррозы.

Жүрек-қан тамыр аурулары

Гипертензия және тахикардия (жүрек ырғағының бұзылуы – есірткі қабылдаушылардың 100%).

Кардиомиопатия (жүрек бұлшықеті жүрек артерияларының патологиясы болмаған жағдайда өзгереді, ерте сатысында қайтымды) Жүректің ишемиялық ауруы (жүрек артерияларының зақымдануы салдарынан жүректің қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуы, ішінара қайтымды)

Жүрек кемістігі (жүрек бұлшықеті жиырылуының жиілеуі, қайтымсыз).

3. Ерекше салдары

Апиын

Ми. Уытты энцефалопатия - мидың зақымдануы ақыл-ойдың төмендеуі, есте сақтау қабілетінің нашарлауы, ойлау қабілетінің бұзылуы, нақты сөйлеу, зейін қою, шешім қабылдау және тапсырмаларды орындау, бас ауруы, бас айналу түрінде көрінеді. *Жүрек.* Жүрек соғысы бәсеңдейді және қысымның төмендеуіне әкеп соқтырады.

Бауыр. Уытты гепатит.

Иммунитет. Иммунитеттің күрт төмендеуі.

Асқазан-ішек жолдары. Асқынған немесе созылмалы гастрит, созылмалы панкреатит, асқазан және он екі елі ішек жарасы.

Көктамыр. Флебит (тамырлардың қабынуы), тромбоз (тамырлардың бітелуі), көктамыр қабыршағының фиброзы (қосымша патологиялық тіндер) және үстіңгі тіндердің «жоғалуы».

Қан. Сепсис, қан инфекциясы - абсцесс, сыздауық, трофикалық жаралар.

Сүйектер. Остеопороз - кальцийдің азаюы (босаңсу, сүйектердің сынуы).

Тістер мен жақтар. Тістің айналасындағы тіндер бұзылады: пародонтит (тістердің босауымен қызыл иектің қабынуы), пародонтоз (тіс жасушаларының бұзылуы).

Буындар. Есірткі өнімі буындардың дәнекер тінінде жиналады, демек, кейбір буындардың (білектерде, аяқтарда) ауыруы, ісінуі және тығыздалуы.

Бүйрек. Бүйрек жеткіліксіздігі.

Психостимуляторлар

Уытты энцефалопатия – қимыл-қозғалысты, сөйлеуді үйлестірудің бұзылуы (есірткіні 3-4 ай қабылдағаннан кейін), деменция, паралич, рефлексстің бұзылуы. Бүйректің, бауырдың зақымдануы. Сілекейдің еріксіз және жұтылу рефлексінің бұзылуы.

Құрамында кодеин бар препараттар

Гастрит, созылмалы панкреатит, уытты гепатит, нефрит, энцефалопатия (есте сақтау қабілеті мен ақыл-ойдың төмендеуі, басындағы ауырлық сезімі, реакцияның баяулауы; кодеин қабылдаушының әдеттегі шағымдары: «не болып жатқанын түсіне алмайсың», «сөз сөйлеу қиынға соғады», «тұйықталу», «саңырау сияқты жүресің».

Дезоморфин

Адамның ағзасы тірідей шіриді. Қанның бұзылуы. Бауыр, бүйрек, ми - ішкі ағзалардың зақымдануы.

Тропикамид

Ағзада жиналады, критикалық концентрация жоғарылағанда, бүйрек пен бауыр жұмысы тоқтатылады (орташа өмір сүру ұзақтығы – 2 жыл). Қанайналым жүйесінің әлсіреуі - гемоглобиннің төмендеуіне әкеп соқтырады. Орталық жүйке жүйесінің зақымдануы (эпилептикалық ұстамалар, энцефалопатия, деменция), бауыр аурулары (гепатит), жүрек (аритмия), көз (көру қабілеті жартылай немесе мүлдем соқыр болуға әкеп соқтырады).

Синтетикалық каннабиноидтар

Синтетикалық есірткіні тұрақты және ұзақ уақыт қабылдаған жағдайда сөйлеудің бұзылуы, галлюцинация, психоз байқалады. Репродуктивті жүйе де зардап шегеді, көбінесе бедеулікке, ал мөлшерден асыра қабылдау - өлімге әкеледі немесе нашақор «көкөніске» айналады. Нашақорға есірткіні қабылдаудың салдары туралы мың рет айтудың пайдасы жоқ – оны есірткі орталығында жедел емдеу қажет.

Есірткіні сынап көру туралы ұсыныстан қалай бас тартуға болады?

Есірткіні өмір бойы қабылдаудан гөрі бірден бас тартқан дұрыс.

Мұны қалай жасауға болады? Бас тарту тактикасы:

1. «Қабылдап көресің бе?» - сыпайы түрде бас тарту: «Жоқ, рахмет».
2. «Неге қаламайсың?» - бас тарту себебін түсіндіріңіз: «Қабылдай алмаймын, анализ тапсырып жүрмін».
3. Тақырыпты өзгерту: «Ләззат алайық?» - «Ал сен естідің бе?...»
4. Өз тарапыңыздан сөзбен басыңыз: «егер сен жігіт болсаң, мен қабылдап көрер едім» - «ал егер сен жігіт болсаң, менде жігіт болар едім».
5. Қызығушылық танытпа. Есірткі ұсынатын болса - назар аударма, өтіп кет.
6. Қысым көрсететін жағдай мен орыннан аулақ бол.
7. Қатарыңды табу. Егер мұндай жерлерге баруға тура келсе, есірткі қабылдамайтындармен бірге бар.

Бас тартудың басқа нұсқалары қажет пе? Мінекей:

- Жоқ, мен басқа іспен айналысамын!
- Жоқ, рахмет, велосипед теуіп жүрмін, спортпен шұғылданамын (немесе басқа нәрсемен айналысамын) және бұған уақытым жоқ.
- Жоқ, рахмет, ата-анама (мектептегі мұғалімдер және т.б.) қиындық келтіргім келмейді.
- Жоқ, рахмет, иісі (дәмі) ұнамайды.
- Жоқ, рахмет, қаламаймын.
- Жоқ, рахмет, бұл мен үшін емес.
- Жоқ, рахмет, мен бұны қабылдамаймын.
- Жоқ, рахмет, шаруам көп.
- Жоқ, рахмет, мен қазір диетадамын.
- Жоқ, рахмет, ол заттарға аллергиям бар.
- Жоқ, рахмет, жаттығуға баруым керек (мектепке, үйге, достарыма).
- Жоқ, рахмет.
- Жоқ, рахмет, бұл менің стиліме жатпайды. Талғамыма сай келмейді. Мен үшін қажет емес.
- Жоқ, қиындық туғызғым келмейді.
- Есірткісіз де өзімді керемет сезінемін!

(және өздерің ойдан шығаратын басқа да нұсқалар).

«Жоқ» деп айтқан кезде: көзіне қарап күл және өзінді кінәлі сезінбе – бұл кінәні жалған сезіну! Есірткіден бас тарта отырып, өміріңнің бүгінгі мен болашағына таңдау жасайсың, табыс пен сүйікті ісіңе, еркіндік пен дербестікке, жауапкершілікке және нағыз бақытқа қол жеткізесің!

СҚО Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы

Байланыс телефондарымыз: тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефоны – 39-41-93, 8 747 5009065

Instagram және Facebook-тағы аккаунтымыз [upn dp sko](#)